

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.  
ГУМИЛЕВА**

**"ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ДАМУЫ: ШЫНДЫҒЫ МЕН БОЛАШАҒЫ"  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ  
международной научно-практической конференции  
"СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМОГО  
КАЗАХСТАНА: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ"**



**9 желтоқсан, 2021  
Нұр – Сұлтан**

**ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)**

**ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73**

**T29**

**Редакция алқасы**

*МАЙДЫРОВА А.Б.* - төрайым, э.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*БАЙЖОЛОВА Р.А.* - э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М.* - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ТЛЕСОВА Э.Б.* - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*БЕРЖАНОВА А.М.* - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ЖАНАБАЕВА Ж.К.* - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*АУЕЛБЕКОВА А.К.* - э.ғ.к., доцент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ДОСМАҒАНБЕТОВ Н.С.* - э.ғ.м., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*КАЗБЕКОВА З.К.* - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*НҰРЛАНҰЛЫ А* - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

**ISBN 978-601-337-610-3**

**T29** "Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы: шындығы мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 361 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции "Социально-экономическое развитие независимого Казахстана: реалии и перспективы". – Нур-Султан: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2021. – 361 с.

Works of the International scientific - practical conference "Socio-economic development of independent Kazakhstan: realities and prospects". - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021. – 361 p.

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

**ISBN 978-601-337-610-3**

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021

# ҚАЗАҚСТАНДА ЭЛЕКТРОНДЫҚ КОММЕРЦИЯ НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

**Елеусинова А.Б.**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

[yeleussinova1999@mail.ru](mailto:yeleussinova1999@mail.ru)

Әлемдегі ақпараттық технология саласындағы жетістіктер қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына орасан зор ықпал етуде. Электрондық жүйеге бағдарланған қызмет түрлері жыл сайын өз ауқымын кеңейтіп, нарықтың жаңа сипаттағы құрылымын жасауда. Нәтижесінде, экономикада жоғары қолданысқа ие электрондық коммерция нарығы пайда болды. Қазақстанның жаһандану жағдайында жаңа нарықтың қалыптасуы заманауи экономиканың дамуы үшін үлкен мүмкіндіктерге жол ашты.

Электрондық коммерция – сатып алушылар мен сатушылар арасындағы желілік өзара байланыстар негізінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өткізуге бағытталған қызмет. Бұл қызмет түрі компьютерлік желілер арқылы жүзеге асырылатын барлық қаржылық және сауда транзакцияларының үрдістерін қамтиды [1].

Электронды коммерция нарығы сатушы мен тұтынушы үшін маңызды рөл атқарады. Біріншіден, сатушы өз кәсібін халықаралық деңгейге шығаруға, материалдық шығындарын азайтып, сату көлемін ұлғайтуға, тұтынушылардың талғамына машықтанып, ақпаратпен алмасу жылдамдығын жоғарлатуға, бәсеке қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік алады. Ал өз кезегінде тұтынушылар уақыты мен ақшасын үнемдеп, кезек күтуден құтылып, тәулік бойғы қызмет көрсетуге қол жеткізеді. Мемлекет үшін электронды коммерцияның үлесінің артуы көлеңкелі экономика үлесінің азайып, кәсіпкерліктің дамуына ықпал етеді. Яғни, саудагерлер салықтан жалтармай, барлық операциялар жариялы түрде жасалынады.

Электрондық коммерцияны дамыту Қазақстанға экономикалық өсудің жоғары әлеуетін береді. Соңғы бесжылдықта Қазақстанның сауда саласы біртіндеп дәстүрлі жүйеден электрондық жүйеге көшіп, интернет-пайдаланушылардың санының көбейіп, электрондық төлемдер саласындағы монополияның санын азаюымен ерекшеленеді. Электронды сауда қазіргі бизнес қоғамдастықтағы сауда қатынастарының ұйымдастырушылық принциптерін өзгертуге мүмкіндік берді.

Қазақстандағы электронды коммерция нарығына мынандай ерекшеліктер тән:

- жасына, жұмыспен қамтылуына, тұрғылықты жеріне байланысты интернетті пайдаланушылардың түрлері;
- тұтынушылардың электронды саудаға төмен сенімділік деңгейі;
- электронды сауданың басым бөлігінің ірі қалаларда шоғырлануы;

- көлік инфрақұрылымының жай-күйі мен дамуына байланысты өңірлер бойынша жеткізудің әртүрлі мүмкіндіктері;
- тасымалдау бойынша ғана емес, сақтау, буып-түю, брендинг қызметтерін көрсететін көлік компанияларының аз үлесі;
- интернет-дүкендердің қалыптасуы, олардың қызметі, жетістіктері туралы мәліметтердің шектеулігі.

Электрондық коммерцияның дамуы ең алдымен, ел тұрғындарының интернетке қолжетімділігі мен интернетті пайдалану көрсеткішіне байланысты. Қазіргі таңда Қазақстанда халықтың телекоммуникациялық технологияларды пайдалану деңгейі артып келеді. Елдегі тұрғындардың желіні пайдалану деңгейін бағалау үшін интернетті қолдану көрсеткіші көрнекі болып табылады (кесте 1).

**Кесте 1. ҚР интернет желісін пайдаланушылардың үлесі**

	2016	2017	2018	2019	2020
Интернет желісін пайдаланушылардың үлесі, пайызбен	76,8	78,8	81,3	84,2	88,2
Ескерту - [2] әдебиет негізінде автормен құрастырылды					

Қазіргі уақытта Интернет желісін пайдаланушылардың 6-74 жас аралығындағы үлесі барлық халықтың 88,2%-ын құрайды. Халықтың компьютерлік сауаттылығы деңгейін талдау бойынша Қазақстанда халықтың 57,1%–ы қарапайым пайдаланушылар, ал 6,8%–ы озық пайдаланушылар, 23,5%–ы бастаушы пайдаланушылар болып табылатынын көрсетті.

Электрондық сауданы қолдау және дамыту үшін 2017 жылдың соңында "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы әзірленді. Сонымен қатар, қолайлы бизнес-орта құру және электрондық сауданы дамытуды ынталандыру мақсатында 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қабылданған жаңа Салық кодексінің шеңберінде электрондық сауда саласында алынатын корпоративтік және жеке табыс салықтарын төлеуден босату жөнінде заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен салықтық преференциялар күшіне енді [3].

Электрондық коммерцияның дамуын тежейтін мәселелерді кешенді шешу мақсатында Қазақстан Үкіметі «Электрондық сауданы дамытудың 2018-2020 жылдарға арналған Жол картасын» бекітіліп, оған сәйкес саланы дамытудың 7 негізгі бағыты көзделді [4]:

- электрондық коммерцияны мемлекеттік реттеуді жетілдіру;
- электрондық саудада төлем жүйелерін дамыту;
- халық пен кәсіпкерлердің электрондық саудадағы цифрлық және қаржылық сауаттылығын арттыру;
- электрондық сауданы ақпараттық сүйемелдеу;
- логистика инфрақұрылымын дамыту;
- UNCTAD электрондық коммерцияны дамытудың халықаралық рейтингінде Қазақстанның позициясын арттыру;

– жаңа жұмыс орындарын құру.

Кәсіпкерлердің цифрлық сауаттылығын арттыру мәселесі де маңызды рөл атқарады. Қазіргі уақытта «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы "бизнесті онлайн шығару" атты бизнесті сервистік қолдау бойынша базалық цифрлық дағдыларға оқытуды жүргізуде. Бұдан басқа, "Қазпочта" АҚ базасында Нұр-Сұлтан, Алматы және Қарағанды қалаларында электрондық сауда саласында кәсіпкерлерге сервистік қолдау көрсететін мамандандырылған орталықтар құрылды.

Жоғарыда аталған барлық шаралар электрондық коммерцияның мамандандырылған алаңдарының инфрақұрылымын жақсартуға және кәсіпкерлердің электронды сауда саласындағы дайындығын күшейтуге бағытталған.

Қазіргі таңда Қазақстанның электрондық коммерция нарығы белсенді даму кезеңін өткеріп жатыр. Соңғы бес жылдық кезеңде ішкі нарық көлемі үш есе өсіп, 2020 жылы 476 651,5 млн. теңгеге жетті (кесте 2). Бұл ретте бөлшек электрондық сауда секторында ең жоғары өсім байқалады.

## **Кесте 2. Қазақстан Республикасындағы электрондық сауда (ішкі нарық)**

Көрсеткіш	2016	2017	2018	2019	2020
Интернет арқылы бөлшек сауда көлемі, млн. теңге	78 500, 5	106 918,1	144 606,0	206 253,9	476 651,5
Бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі электрондық сауданың үлесі, %	1,0	1,2	1,4	1,8	4,1
Интернет арқылы көтерме сауда көлемі, млн. теңге	67 740, 9	87 248,8	114 856,8	108 603,2	275 105,4
Көтерме сауданың жалпы көлеміндегі электрондық сауданың үлесі, %	0,4	0,4	0,5	0,4	1,1
Интернет арқылы көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру көлемі, млн. теңге	80 198, 4	70 356, 2	136 123,0	121 153,7	209 164,7
Ескерту - [2] әдебиет негізінде автормен құрастырылды					

2-кестедегі көрсеткіштерге сай, 2020 жылы интернет арқылы бөлшек сауда көлемі 2019 жылмен салыстырғанда 2,3 есеге өскен, яғни 476,6 млн. теңгені құрады. Бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі электрондық сауданың үлесі 4,1% - ға дейін ұлғайды. Бөлшек сауда ел экономикасының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бөлшек сауда көлемі мен бөлшек саудадағы жұмыспен қамту деңгейі маңызды экономикалық көрсеткіштер болып табылады. Ал интернет арқылы көтерме сауда көлемі 2020 жылы 0,7 есеге өсіп, 275 105,4 млн. теңгені құрады. Көтерме сауданың жалпы көлеміндегі электрондық сауданың үлесі 1,1%-ға жетті. Бұл көрсеткіштердің ұлғаюына 2020 жылғы әлемде орын алған

COVID-19 пандемиясының да үлесі басым болды. Нәтижесінде, нарықта онлайн-сауданың айтарлықтай өсуіне және B2C (тұтынушыға бағытталған кәсіп) арналары арқылы сатылымдардың өсуіне әсер етті. Пандемия салдарынан электрондық коммерцияның жаһандық өзгерісі орын алды, қызметтерді қашықтықтан тұтынудың едәуір артуына және электрондық сауданың іргелі өсуіне себепші болды. 2020 жылы B2C сегментінде медициналық тауарларға, тұрмысқа қажетті заттарға және азық-түлік санаттарында онлайн-тапсырыстардың әсерлі өсуі байқалды.

Пандемияның жаһандық сипаты және оның әлемдік саудаға әсері (электрондық сауда үлесінің өсуін қоса алғанда) халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға және интернет арқылы сатып алу мен жеткізудің бірыңғай регламенттерін одан әрі әзірлеуге ықпал етті. Ағымдағы дағдарыстың электрондық коммерция тұтынушылар үшін тиімді құрал бола алатынын, сондай-ақ экономиканың ішкі өсуінің де, бүкіл халықаралық тауар айналымының экономикалық қозғаушы күшіне айналуы мүмкін екенін көрсетті.

Қорытындылай келе, ағымдағы нарықтық жағдайларды талдауда Қазақстанның электрондық коммерция нарығы тұтастай алғанда оң үрдістерге ие екені анықталды. Бұл сегменттің маңыздылығы бизнесті жүргізудің заманауи және перспективалы әдісі ретінде әрі ел экономикасының дамуының басым бағыттарының бірі ретінде айшықталады. Бұл қолма-қол ақшасыз төлем түрлерін дамытуға, көлеңкелі айналымды азайтуға және халықаралық саудада жоғары әлеуетке ие болуына, сондай-ақ электрондық платформаларды құру жолымен отандық тауарлардың сыртқы нарыққа шығуына жағдай жасайды. Электрондық коммерцияның тиімді дамуы - телекоммуникациялық инфрақұрылым және интернетке қолжетімділікке, халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру, тұтынушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету, заңнама, логистикалық инфрақұрылым деңгейі, сондай-ақ қолма-қол ақшасыз төлем құралдарын жетілдіруге бағытталған.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Кобелев О.А. Электронная коммерция: учебное пособие, 2011– 674 с
2. ҚР СЖРА Ұлттық Статистика бюросы, 2021// <https://stat.gov.kz/official/industry/29/statistic/7>
3. Электронная коммерция – новый стимул развивать бизнес. // <https://ombudsmanbiz.kz/rus/press-centr/news/?cid=0&rid=668> (дата обращения: 25.11.2021)
4. Правительством Казахстана утверждена дорожная карта по развитию электронной торговли на 2018-2020 гг. // <https://zonakz.net/2017/11/14/pravitelstvom-kazaxstana> (дата обращения: 26.11.2021)